




Тосқауыл бекеті: Денсаулық үшін тәртіп қажет



Қазақстан Республикасы аумағында коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елорданың Полиция департаменті 19 наурыз сағат 00.00-ден бастап қызмет етудің ерекше режиміне көшкен болатын.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Осыған дейін белгілі болғандай, Нұр-Сұлтан қаласы, оның ішінде Жібек жолы, Қараөткел, Талапкер және Қоянды кенттерін қоса алғандағы аумағында барлық бағыттар бойынша көлік құралдары мен азаматтардың жүріп-тұруына шектеу қою үшін 7 тосқауыл бекеті қойылды. Бүгінгі таңда аталған тосқауыл бекеттерінде Ұлттық Ұлан және Қорғаныс министрлігінің әскерилері қызмет атқарып тұр.

Тосқауыл бекеттеріндегі ахуалмен арнайы танысу үшін жолға шыққан тілшілердің алғашқы атбасын тіреген орны – Нұр-Сұлтан – Көкшетау тас жолы болды. Біздер барған сәтте мұнда ешқандай қарбаласты байқап алмадық. Әскерилер қалыпты қызмет атқаруда. Осы уақытта қала аумағына кіру үшін азық-түлік тауарлары мен халықтың сұранысына

ие заттар тиеген бірнеше жүк көлігі кезегімен жылжып жатты. Бекеттегі қоршау сыртында құқыққорғау органдарының өкілдері тосқауыл бекетінің екі жағынан да келіп, өтуге ниетті азаматтардың сұрақтарына жауап беруде. Түсінгеніміз, аталған азаматтар бұған дейін елорда аумағынан шығып кетіп, енді ғана сапардан оралған қала тұрғындары екен. Сондай-ақ біз барған сәтте Нұр-Сұлтан қаласында шұғыл түрде ота жасатуды қажет ететін науқастардың өткізіліп жатқанына күәгер болдық. Дегенмен дәрігерлер мұндай науқастарды жедел қарап, жарты сағаттан артық кідіртпеуге тырысуда.

Бүгінгі күнге дейін елорда төңірегіндегі тосқауыл бекеттері арқылы айналма жолмен транзиттік бағытта 2 мың автокөлік пен 3600 азамат шықты. Олардың барлығына тиісті бағытқа дейін патрульдік полиция көлігі ілесіп, жеткізіп салған.

Әрине, көңілге кірбің түсіретін фактілер де жоқ емес: бас қалаға кіріп-шығудың ережесін бұзған 56 азамат әкімшілік жауапқа тартылса, оның 31-і 15 тәулікке қамауға алыныпты, тоғыз азамат 10 АЕК көлемінде айыппұл арқалап, ал 16-сының ісі сотқа жіберілгенінен мәлім болдық.

Полиция наурыздың 16-сы мен 25-сі аралығында қаладағы барлық кәсіпкерлік нысандарында (олар – мейрамхана, дәмхана, бар, караоке-бар, түнгі клуб, бильярд орны, компьютер клубы, қоғамдық тамақтану, монша, сауна, техникалық

қызмет көрсету орны, спорттық және фитнес клуб және т.б.) карантиндік режимнің сақталуын тексерген болатын. Тексеру барысында 75 нысан жұмыс істеп тұрғаны анықталды. Осыған байланысты нысан қожайындары әкімшілік жауапкершілікке тартылып, олардың екеуі 5 тәулікке қамауға алынып, ал қалғандарына 10 АЕК көлемінде айыппұл салынған.

1900-ға жуық нысан ішкі істер органдарының бұған дейін жасаған ескертуі мен талабына құлақ асып, төтенше жағдай кезінде өз қызметтерін тоқтатқан.

Сонымен қатар аталған кезең ішінде медициналық бетперде мен залалсыздандыру құралын сатудың 30 дерегі анықталды. Олар бойынша да тиісті тіркеу құжатынсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін әкімшілік хаттама толтырылған.

Жалпы алғанда елордадағы жағдай бірқалыпты. Карантин енгізілген уақыттан бері тіркелген қылмыс саны 30%-ға төмендегі байқалып отыр. Құқыққорғау органдары тарапынан қабылданып жатқан шаралар азаматтардың қауіпсіздігі және халықтың денсаулығын сақтауға бағытталғанын әркім және баршамыз ұғынуымыз қажет.

Осыған орай азаматтарымыз түсіністікпен қарап, карантиндік шараларды жүзеге асыруға жұмылдырылған полиция қызметкерлерінің талаптарын мүлтіксіз орындаған абзал.

Суреттерді түсірген
Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА ДАЙЫН

Негізгі қашықтан оқыту процесі әр мектептегі сабақ кестесіне сәйкес өтеді. Бұл туралы «Хабар 24» телеарнасының тікелей эфирінен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев айтты.

– Елімізде қашықтан оқыту процесін бастауға дайындық жұмысы жүргізілуде. Жұмыс тобы құрылды. Әлем

елдерінің қашықтан оқыту тәжірибесі зерделенді. Министрлікте құрылған жобалық кеңсенің ұсыныстарын ескере отырып, өз тұжырымдамамызды айқындадық. Негізгі контент ретінде телевизиялық сабақтар, дайын цифрлық ресурстар ұсынылады, – деді министр.

Оның атап өтуінше, телеарнаға 2 мыңнан астам сабақ түсірілетін болады. Қазіргі таңда мұндай сабақтардың 200-ге жуығы дайын.

– Бір айтып өтетін жағдай, бұл ресурстардың барлығы педагогқа және оқушыға қосымша ақпарат болып саналады. Негізгі қашықтан оқыту процесі әр мектептегі сабақ кестесіне сәйкес өтеді. Сабақты өткізу уақыты 30 минут құрайды. Оқушы, мұғалім, ата-ана кері байланысты «Күнделік», «Білім ал» мектеп жүйелері арқылы орнататын болады. Барлық әдістемелер, нұсқаулықтар дайын, – деді Дәурен Абаев.

inform.kz




Бірегей зертхана жұмысымен танысты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық биотехнология орталығына барды. Онда ол отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарымен танысты.



Бір күндік жалақыларын аударды

Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамы коронавируспен күресу үшін бір күндік жалақыларын аударды.



Пандемиямен Қазақстан қалай күресуде?

Қазақстан әлемді дүрліктірген COVID-2019 індетімен жүйелі түрде күресу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Аурудың асқынбауы үшін, әрі оның аймақтарға тарап кетпеуі үшін ел Үкіметі және жауапты барлық қызғырлы орган бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, күн-түн демей қызмет етуде. Сол атқарылып жатқан еңбектің нәтижесі де баршылық. Мәселен, 25 наурыз күні індетті жұқтырған екі науқастың емделгені анықталды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев хабарлаған болатын.



Ғарыштан орын алған Қаныш

Кез келген дүниенің бастау бұлағы болады. Ол – өнерге, ғылым мен білімге тән құбылыстың бірі. Мысалы, қазақ тарихы жайлы сөз өрбігенде Әлкей Марғұланды, кино өнерінде – Шәкен Аймановты, әдебиетте – Мұхтар Әуезовті тілге тиек етпей, өтіп кете алмаймыз. Дәл сол сияқты, өмірін геология мен тау-кен ісіне, зерттеу жұмыстарына арнаған біртуар азамат бар. Оның есімі тарих беттерінде қазақтан шыққан тұңғыш академик ретінде өрнектелді.

РЕСЕЙ

ӨЗГЕ ЕЛДЕРМЕН
ӘУЕ ҚАТЫНАСЫН ТОҚТАТТЫ

Ресей 27 наурыздан бастап коронавирус кең тараған елдерден тұрақты және чартерлік халықаралық әуе қатынасын тоқтатады.

РФ үкіметі баспасөз қызметінің хабарлауынша, осындай шешім ел үкіметі жанындағы коронавирустың таралуына қарсы күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі президиумы отырысында қабылданған. Алайда бұл шектеу коронавирус тараған елдерден ресейліктерді жеткізу жұмыстарына қатысы болмайды. «2020 жылдың 27 наурызы, сағат 00:00-ден бастап Росавиация Ресей әуежайларынан



шетел әуежайларына және олардан кері тұрақты және чартерлік ұшуларды жүзеге асыруды тоқтатады. Бұған коронавирус індетінің таралуына байланысты шет мемлекеттерден ресейліктерді Ресей Федерациясына шығарумен байланысты рейстер еңбейді», - делінген отырыс қорытындысы бойынша жүктелген тапсырмада.

ТАСС агенттігі

ИСПАНИЯ

ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР
ВИРУС ЖҰҚТЫРДЫ

Сәрсенбі күні Испания үкіметі вице-премьер Кармен Кальво COVID-19 вирусын жұқтырғанын мәлімдеді.



Сейсенбі күні К.Кальво коронавирусына сынама тапсырған. Бірінші тест індеттің жоқтығын көрсеткен. Бірақ дәрігерлер оны нақты қорытынды деп санауға болмайтынын айтқан. Солай, вице-премьерден тест тағы бір рет алынып, ол оң болып шыққан. Испания үкіметінің хабарлауынша, 63 жастағы Кармен Кальвоның жағдайы жақсы, қазіргі кезде ол барлық қажетті медициналық көмекті алуда.

Reuters агенттігі

ҰЛЫБРИТАНИЯ

МҰНАЙДЫҢ ӘЛЕМДІК
БАҒАСЫ КӨТЕРІЛДІ

Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнай бағасы 2020 жылғы мамыр айындағы жеткізілімдер бойынша 1,04 пайызға өсіп, барреліне 30,05 доллар болды.

Соңғы рет аталған маркалы мұнай бағасы 2020 жылдың 20 наурызында 30 баррельден жоғары болатын. WTI маркалы мұнай фьючерсінің бағасы 0,24 пайызға өсіп, баррелі 24,55 долларға саудалануда.

Inform.kz

Бірегей зертхана жұмысымен
танысты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық биотехнология орталығына барды. Онда ол отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарымен танысты.

Орталық қызметкерлері Мемлекет басшысына ДНҚ жасанды синтез жолымен әзірленген және жұқпалы коронавирус ауруының жаңа түрін жылдам анықтауға мүмкіндік беретін полимеразды тізбекті реакция (ПЦР) негізіндегі тест жүйесін таныстырды. Аталған тест жүйесі шетелдік диагностикалық құрал-жабдықтармен салыстыру кезінде өзінің жоғары сезімталдығын көрсеткен.

Қазіргі уақытта Қазақстанның биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігін және COVID-19 вирусының әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделу қабілетін ескере отырып, Ұлттық биотехнология орталығы мен Биологиялық қауіпсіздік проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары коронавирусына қарсы вакцина жасау бойынша бірлескен жұмыстарын бастап кетті. Қасым-Жомарт Тоқаев биологиялық ғалымдардың еңбегін жоғары бағалап, Қазақстан ғылымының құзыретін арттыру үшін отандық әзірлемелердің маңыздылығын атап өтті.

– Шын мәнінде, бұл зертхана Қазақстан үшін бірегей саналады. Біз сіздердің ғылыми жұмыстарыңызға зор үміт артамыз. Қажетті көмек беріледі. Вирус пен оның таралуы биологиялық лабораториялардың, медициналық және санитарлық қызметтердің жұмыстарына мемлекеттің ерекше көңіл бөлуі тиіс екенін көрсетті, - деді Мемлекет басшысы. Президент карантин талаптарын сақтау қажеттігі жайында айтты.

– Мен азаматтарымызды карантин режимін сақтауға шақырамын. Бірақ, ешқандай дүрбелең туғызуға болмайды. Өйткені, індет ежелден оптимизм

мен өмірге құштарлық салтанат құрған, адамдардың жігері мұқалмайтын жерлерді айналып өтеді. Сонымен қатар кімде-кім депрессияға түсіп, қайғыға салынатын болса, инфекция да соған үйір болады. Сондықтан бәріміз бірге болуымыз керек. Ал ауырғандарға келетін болсақ, оларды ешқандай да шеттетпейміз. Барлық қажетті емдеу шаралары жүргізіледі. Біз оларға да, карантинде жатқан азаматтарға да қамқорлық жасаймыз, - деді Мемлекет басшысы.

Президент Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында ауқымды іс-қимылдар жоспары жарияланғанын атап өтті. Ол бойынша халыққа, оның ішінде, бизнес өкілдеріне қаржылай көмек беріледі.

– Салықтық жеңілдіктер мен кредит жүктемелерін төмендету шараларын есептемегенде, дағдарысқа қарсы жұмсалатын қаржының жалпы көлемі 10 миллиард доллардан асады. Бұл - бұрын-соңды болмаған сома. Біздің алдымызда қазір осы қаражатты өте тиімді жұмсау міндеті тұр. Біз осы бағыт бойынша жұмыс істейміз. Жағдай бақылауда, азаматтар мемлекеттің қамқорлығын сезінуде. Бұл - біздің жұмысымыздың негізгі басымдығы, - деп қорытындылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған дейін отандық ғылыми ұйымдар қысқа мерзім ішінде құс тұмауы мен доңыз тұмауына, нодулярлы дерматитке және бруцеллезге қарсы вакциналар әзірлеген болатын. Жалпы вакцинаның 28 түрі жасалып және диагностикалық тест жүйесінің технологиялары әзірленді. Мұның кейбірі шетелдерге шығарылады.

Akorda.kz

Қазақстанда коронавирустан
екі адам жазылды

Бұл туралы ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев брифингте мәлімдеді.

«Екі емделуші коронавирустан жазылды. Қазір олар соңғы анализдерін тапсырып жатыр. Ертең ауруханадан шығады», - деді Абаев.

Дәрігерлердің айтуынша, екі адамның екеуі де Алматыда. Олар ауруханадан 27 наурыз күні шығарылады.

Tengrinews.kz

Блокбекеттерге
25 көлік сыйлады

«БИПЭК АВТО - АЗИЯ АВТО» холдингі Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы блокбекеттерге 25 көлік сыйлады.

«БИПЭК АВТО - АЗИЯ АВТО» компаниялары тобы коронавирус инфекциясымен күрес жөніндегі штабтарға 30 автомобиль тапсырды. Атап айтқанда, елорда блокбекеттеріне – 15, Алматы блокбекеттеріне 10 көлік жеткізілді. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасына 5 көлік берілді. «Күн сайын елдегі жаңалықтарды бақылап отырмыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз үндеуінде осындай қиын-қыстау кезде ешкім тасада қалмай, өз мүмкіндігінше әрекет ету керектігін айтты. Біз де қарап қалмай коронавирустың алдын алу мақсатында құрылған штаб өкілдеріне 30 көлік жіберуді жөн санадық», - дейді компанияның бас директоры Ерік Сағымбаев.

Inform.kz

Заң жобасын
мақұлдады

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасының негізгі мақсаты - Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың оқ-дәрілері арсеналдарының, базалары мен қоймаларының қауіпсіз жұмыс істеуін, сондай-ақ оқ-дәрілерді сақтау кезінде төтенше жағдайдың туындауы мүмкін болған кезде халықты, азаматтық және басқа да инфрақұрылымды қорғауды қамтамасыз ету бойынша заңнаманы одан әрі жетілдіру. Заң жобасының негізгі нормалары: - арсеналдардың, базалар мен қоймалардың аумақтарын, сондай-ақ белгіленген тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандар шегінде іргелес жатқан аумақтарды ерекше жер пайдалану шарттары бар аймақтарға жатқызуға; - оқ-дәрілер арсеналдарын, базалары мен қоймаларын пайдаланумен байланысты емес ғимараттар мен құрылыс жайлар салғаны, шаруашылық және өзге де қызметті жүргізгені үшін әкімшілік жауаптылық белгілеуге; - қала құрылысы талаптарына тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандардың аумақтарында белгіленген тыйым салуларды сақтауды енгізуге; - Қазақстан Республикасының Үкіметіне тыйым салынған аймақтар мен тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын және олардың тізбесін бекіту жөніндегі өкілеттіктерді беруге бағытталған.

Inform.kz

19 тонна банан
кері қайтарылды

ҚР АШМ инспекторлары Ресейден алып келген 19 тонна бананды ел аумағына кіргізбеді.

ҚР АШМ өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары Қазақстан нарығына РФ мен Вьетнам елінен алып келінген 175 тонна өсімдік өнімін кіргізбеді.

2020 жылдың 24 ақпан 3 наурыз аралығында Атырау, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстық аумақтық инспекциялары Ресей Федерациясы мен Вьетнам мемлекетіне жоғары фитосанитарлық қауіп-қатері бар өсімдік өнімдерін заңсыз алып келудің жолын кесті.

Карантиндік бақылау барысында инспекторлар 76 тоннадан астам картоп, 55 тоннадан астам жеміс-жидек және көкөніс түрлерін, 19 тоннаға жуық банан, 2 мың гүл және 600 дана гүл көшеттерін, сондай-ақ Вьетнамнан 25 тоннаға жуық кешьюді жаңғағын фитосанитарлық сертификатсыз алып келгендігін анықтады.

Өсімдіктер карантині саласындағы заңнамалардың талаптарына сәйкес, аталған өнімдер Қазақстан Республикасы аумағына тасымалдауға тыйым салынған. Кінәлі тұлғалар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 400-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

altaynews.kz

Инфекционист
дәрігерлер жеткілікті ме?

Өңірлерден Нұр-Сұлтан мен Алматыға жіберілген дәрігерлер мегаполистердегі эпидемиологиялық ахуалды тексеруге көмектесіп жатыр. Бұл туралы ҚР ДСМ Тауарлар мен қызметтердің сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитетінің төрағасы Людмила Бюрабекова айтты.

«Бүгінде барлық қала үшін кадрлық резерв жасақталған. Дегенмен, дәрігерлер екі қалада (Нұр-Сұлтан мен Алматы) ауруханаға жатқызылып жатқандармен де, карантинге түсіп жатқандармен де жұмыс істеп үлгеріп жатыр. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды күшейту үшін Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына түрлі өңірлерден адамдарды іссапарға жібердік. Олар блок-бекеттерде кезекшілік ұйымдастыруға және эпидемиологиялық ахуалды тексеруге көмектесіп жатыр», - деді комитет төрайымы министрліктің Facebook-тегі парақшасында «Денсаулық министрлігі хабарлайды...» деген айдармен жарияланған видеода.

Inform.kz

Ерлан Тұрғымбаев еріктілермен кездесті

24 наурызда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев қоғамдық тәртіпті сақтауға атсалысып жүрген еріктілермен кездесті.

Еріктілер тобы Қазақстанда төтенше жағдай режимі енгізілген алғашқы күннен бастап полиция қызметкерлерімен бірге қоғамдық тәртіпті қадағалауда олар байланыс үшін арнайы кеудешелермен және радиостанциялармен қамтамасыз етілген. Жұртшылықты, оның ішінде еріктілер қозғалысын құқық тәртібін қорғауға, іздестіру іс-шараларына және полицияның учаскелік инспекторларына құқық бұзушылықтың алдын алуда көмек көрсетуге тарту жөніндегі бастама еліміздің барлық өңірлерінде енгізілген. Еріктілер жоғалған балалар мен қарт адамдарды іздеуге, резонанстық қылмыстарды ашуға қатысады, түрлі оқиғалар кезінде көмектеседі.

Елде төтенше жағдай енгізілген кезеңде еріктілер рейдтік және алдын алу іс-шараларын жүргізуге жұмылдырылған. Олар учаскелік

инспекторлармен және патрульдермен бірге карантинге байланысты енгізілген шектеулер туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жалпы, полиция қызметкерлеріне еліміз бойынша 1200 ерікті көмек көрсетуде.

– Біз бұрын кездеспеген қауіпке тап болып отырмыз. ПМ-нің барлық қызметтері мен бөліністері, бұл - полицейлер, құтқарушылар мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған. Бұл күндері азаматтарымыздың тарапынан көрсетілетін көмектің маңызы ерекше. Мен отаншылдық пен азаматтық борышына адалдығын ісімен танытып, полицейлермен бірге қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысып жүрген адамдардың барлығына алғысымды білдіремін. Бірлескен күш-жігердің арқасын-

да біз осы күрделі кезеңді еңсере аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Еріктілер жылы» деп жариялаған ағымдағы жылда еріктілер қатары тек өсе түсетініне сенімдімін, – деп атап өтті Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Еріктілер қозғалысы ресурстары осындай алдын алу іс-шараларын өткізуде өз тиімділігін көрсетті. Учаскелік инспекторлармен бірлесіп, еріктілер азаматтарға карантин кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары және төтенше жағдай талаптары туралы ескертуде. Жалпы, ел бойынша бірлескен рейд барысында ТЖ режимі 322 рет бұзылғаны анықталды. Құқық бұзушыларға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабы бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылды, онда ескерту немесе 10 АЕК көлемінде айыппұл немесе 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу қарастырылған.



Айта кету керек, ішкі істер органдарының 28-ші Қысқы Универсиада кезінде (3000 адам), сондай-ақ ЭКС-ПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін (1500 адам) өткізуде азаматтарға көмек көрсетуді ұйымдастыруда волонтерлермен өзара іс-қимылдың оң тәжірибесі бар. Полиция қызметкерлері мен еріктілердің бірлескен күш-жігерінің арқасында құқық бұзушылықтар

мен қылмыстарды болдырмауға қол жеткізілген болатын. Жастарды қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдыра отырып, ПМ халықтың тыныштығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар қоғам алдындағы борыш сезімін нығайтып, құқықтық сауаттылықты арттыруды көздеп отыр.

Polisia.kz.



ҚР ПМ Төтенше жағдайлар комитетінде көктемгі су тасқынына қатысты брифинг өтті.

Спикер болып сөз алған ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильин 24 наурызға дейін Қазақстан аумағында елді мекендерді су басатындай жағдай тіркелген жоқ деп мәлімдеді.

16 наурыздан бері қарай жергілікті және республикалық маңызы бар бес автожолды су алған. (Ақмолада – 2, Солтүстік Қазақстан облысында – 3). Ауа райының жылынуына байланысты Ақтөбе (Елек, Ойыл, Ембі, Үлкен Қобда, Қарғалы, Қосестек), Ақмола (Есіл), Батыс Қазақстан (Жайық, Шаған, Елек, Шыңғырлау, Өлеңті, Ші-дерті, Быковка, Деркөл, Чиж-1, Чиж-2) және Павлодар (Ертіс) облысының өзендерінде мұз әлсірей бастады. Басқа өзендерде ондай құбылыс 30 наурыздан 5 сәуірге дейін қайталануы мүмкін.

Өзендердің кептелтуін болдырмау мақсатында мұз қосыту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, республика бойынша өзендерде 14 тонна жарылғыш заттарды қолдана отырып, 123 мұз жару жұмыстары жүзеге асырылды (Шығыс Қазақстан – 11, Қарағанды – 6, Қостанай-13, Солтүстік Қазақстан – 6 және Ақмола -87 облыстары). 11 мың шақырым арықтарды және арналарды тазалау жұмыстары жүргізілді. 15 мың текше метр қар шығарылды.



Автомобиль жолдарында 25 мың және теміржолдарда 5 мың су өткізу құрылыстары тазартылды. Ақмола (Астана, Сілеті және Шағалалы су қоймаларында), Қарағанды (Самарқанд, Ынтымақ, Шерубай-Нұра су қоймаларында), Солтүстік Қазақстан (Сергеевское және Петропавл су торабы) облыстарындағы су қоймаларында қажетті бос көлемдерді құру жұмыстары жалғасады. Нұр-Сұлтан қаласында, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында су тасқыны жағдайын анықтау мақсатында аэровизуалды және жерусті зерттеулері жүргізіледі.

Еліміздің өңірлерінде 165,3 шақырым қорғау бөгеттерін салу және жөндеу, 417,2 шақырым су тасқыны қауіп бар өзендердің жағаларын бекіту, түбін тереңдету, түзету, 186,7 шақырым су бұру арналарын орнату бойынша су тасқынына қарсы жұмыстар жалғасуда. Су тасқынының алдын алу және олардың салдарын

жою үшін 14 мың тонна жанар-жағармай, 190 мың тонна инертті материалдар, бір миллионнан астам қап және 51 тонна көлемінде жарылғыш заттар қоры дайындалды.

Халықты оқыту және ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде, елді мекендерде рейдтер (2276), халықпен жиындар (1983) өткізіледі, оның барысында су тасқыны кезіндегі жүріс-тұрыс қағидалары жазылған жадынамалар таратылады. Ішкі істер министрінің жалпы саны жеке құрамнан 9 мың адам және 1,5 мыңнан астам бірлік техникадан тұратын арнайы күштер мен құралдар тобы құрылды.

Су тасқыны жағдайы ықтимал күрделенген кезге басқа өңірлердің қосымша жеке құрамнан 2 044 адам, 214 бірлік техника, 30 жүзу құралы және 86 мотопомпа күштері мен құралдары жедел ден қою үшін әзірлікте тұр.

Polisia.kz.

Бір күндік жалақыларын аударады

Ішкі істер министрлігінің басшылық құрамы коронавируспен күресу үшін бір күндік жалақыларын аударады.

Бір күндік жалақы қаражатын министр, оның орынбасарлары, Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратының комитеттер, департаменттердің басшылары, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының департаменттері және олардың орынбасарлары аударады.

Олар инфекцияның таралуына қарсы іс-қимыл жасауға, жеке құрамға маскалар мен басқа қорғаныс құралдарын алуға бағытталған. Сонымен бірге төтенше жағдайды қамтамасыз етуге қатысқан полицейлер, әскери қызметшілер және

азаматтық қорғау қызметкерлері 653 миллион теңге көлемінде министр мен аумақтық департаменттердің басшыларымен көтермеленеді.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасы аумағында орнаған төтенше жағдай кезінде төнген қауіп-қатерлермен күресу үшін «Біз біргеміз» республикалық қоғамдық қоры құрылып, оған түрлі ұйымдар мен мекемелерден, қызметкерлер мен кәсіпкерлерден қаржы аударыла бастады. Бүгінгі таңда қорға 50 млн доллардай қаражат жинақталды.

Polisia.kz.

КОЛОНИЯЛАР БЕТПЕРДЕ ТІГУДІ ҚОЛҒА АЛДЫ

Мемлекет басшысы елімізде коронавирустық инфекцияның одан әрі таралуына жол бермеу үшін ел аумағында 16 наурыз бен 15 сәуір аралығында төтенше жағдай жариялаған болатын. Қазіргі таңда дәріханаларда бетперделердің (масканың) жетіспеушілігі туындап отыр.

Аглия ТҮРЛАНОВА,
Нұр-Сұлтан

Сондықтан еліміздегі 39 түзеу мекемесі бетперде тігу жұмыстарын бастап кетті. 14-26 наурыз аралығында 1100 жазасын өтеуші 222000 мың бетперде тікті. Тігу жұмыстары әлі де жалғасуда. Тігілген бетперделер күндіз-түні қызметте жүрген ҚАЖД, ПД, ТЖД қызметкерлеріне тапсырылды.

Колонияларда қолға алынған игі шараны Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев жұмыс сапарымен көріп қайтты. Аршалы елдімекенінде орналасқан ЕЦ-166/5 айрықша режимдегі түзеу мекемесіне жұмыс сапарымен барған министр осы мекеменің өндірістік алаңында медициналық бетперде жасау процесімен танысты.

Айта кетейік, колонияны аралау барысында ведомство басшысы карантиндік режимнің сақталуын тек-

серді. Төтенше жағдайға байланысты барлық мекеменің жұмысы күшейтілген. Колонияға кіріп шыққандар жіті тексеріліп отырады. Сонымен қатар сотталғандарға туыс-туғандарымен кездесуге уақытша шектеу қойылған. Олар тек бейнебайланыспен немесе телефон арқылы сөйлеседі.

Елді елең еткізген дерттен сақтанудың жолын мамандар тынбай түсіндіруде. Қорғану құралдарын пайдалану қажетті айтылып жатыр. Медициналық бетперделерге деген сұраныстың тым көбеюіне байланысты қолға алынған шараға еліміздегі түзеу мекемелеріндегі барлық «Еңбек» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бірден бір кісідей жұмылып, тәулігіне бірнеше мың бетперде тігіп дайындалуда. Бетперде тігуге олардың арнайы сертификатталған рұқсаты да бар.

Стандартқа сәйкес қорғаныс құралының материалы гипоаллергенді

болып табылады, шаңнан қорғау қасиеттеріне ие, сонымен бірге ауаны жақсы өткізіп, жұқпалы аурулардың тәуекелдерін азайтады. Қорғану бетперделерін ішкі істер органдарының қызметкерлері пайдаланады, олар медициналық қызметкерлермен бірге карантиндік іс-шараларға қатысуда және елде енгізілген төтенше жағдай кезінде қоғамдық тәртіп пен аса маңызды стратегиялық нысандарының қорғанысын қамтамасыз етеді.



Қорғану бетперделерін тігуді жаппай іске қосу мақсатында барлық өңірлердің ҚАЖ мекемелерінде тігін цехтарының қызметі жандандырылды, мыңнан астам тігін станоктары мен машиналары іске қосылды, олардың тәуліктік өнімділігі 50 мыңды құрайды. Бір маска тіккені үшін бір сотталғанға 17 теңге айлық төлемақы қарастырылған. Ол айлықты өздері ала алады, не болмаса, сол ақысына маска жіберуге құқылы.

– Елімізде орын алған жағдай біздің қоғамымызды біріктірді және пенитенциарлық жүйе шетте қалмағанын атап өткім келеді. Бүгін мен Аршалы елдімекеніндегі мекемеге бардым, онда бетперде тігу цехында 40 адам жұмысқа орналасқан. Өздеріңіз көріп отырғандай, санитарлық талаптар сақталады, бетперде тігу материалдары бар. Сотталғандар елде қалыптасқан жағдайдың маңыздылығын түсіне отырып, екі ауысымда жұмыс істеуге дайын. Мен ҚАЖК-нің және «Еңбек» РМК-нің басшылығына сотталғандарға жалақы төлеуден басқа, оларды ақшалай сыйақымен көтермелеуді тапсырамын, – деді Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Ішкі істер органдарының барлық жеке құрамы ерекше режимде жұмыс істейді. Медициналық қызметкерлермен тығыз қарым-қатынаста карантиндік іс-шараларға қатысуда. Күн сайын жасақ қызметіне 15 мыңнан астам полиция, құтқарушылар мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері түседі.

Қазақстан әлемді дүрліктірген COVID-2019 індетімен жүйелі түрде күресу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Аурудың асқынбауы үшін, әрі оның аймақтарға тарап кетпеуі үшін ел Үкіметі және жауапты барлық құзырлы орган бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, күн-түн демей қызмет етуде. Сол атқарылып жатқан еңбектің нәтижесі де баршылық. Мәселен, 25 наурыз күні індетті жұқтырған екі науқастың емделгені анықталды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев хабарлаған болатын.



Пандемиямен Қазақстан қалай күресуде?

Инжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

– Бүгінгі басты жаңалық – жақсы, қуанышты жаңалық. Екі науқас ауруханадан шығады, олар коронавирустан сауықты. Қазір олар дәрігерлердің бақылауында, олардан анализдер алынады. Бұл – вируспен күрестегі бірінші жеңісіміз деп айтуға толық негіз бар, бірақ соңғы емес. Бұл – ең әуелі дәрігерлердің жанкешті еңбегінің жемісі. Кез келген маман үшін, ең бастысы – еңбегінің нәтижесін көру. Сол нәтиже үміт пен қуат береді, – деді ол.

Елімізде қандай шаралар қолға алынды?

Естеріңізге сала кетсек, COVID-19 коронавирус диагнозы тіркелуіне байланысты елімізде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап төтенше жағдай енгізілді. Оқушылар ерте демалысқа шығып, студенттер қашықтан оқытуға жіберілді. Ірі сауда орындарының жұмысы шектелді. Сауда және ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер мен адам көп жиналатын басқа да нысандардың қызметі уақытша тоқтатылды. Сонымен қатар 22 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы әуе және теміржол қозғалысы толықтай тоқтатылды. Бұл – вирустың аймаққа тарап кетпеуі үшін жасалған шара.

Бақылау-өткізу бекеті орнатылды

Карантиннің енгізілуіне орай Ақмола облысы мен Алматы облысы аумағында арнайы бақылау-өткізу бекеттері орнатылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекеттердің жұмысымен танысу мақсатында Жібек жолы ауылы маңына қойылған №6 бақылау-өткізу бекетіне барды. Қазақстан Президенті карантин режимін қамтамасыз ететін қала әкімдігінің, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының, Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық гвардияның әскери қызметшілерінің дайындығына оң баға берді.

– Қазіргі жағдайда карантин енгізбесе болмайды. Әлемде не

болып жатқанын көріп отырсыздар. Мұндай кезде нақты әрекет жасап, ұйымшылдық таныту керек. Сондықтан карантин енгізу сияқты тәсілдерді қолдануға тура келді. Азаматтарымыз қабылданған шараға түсіністікпен қарайды деп ойлаймын. Мұның бәрі халқымыздың денсаулығын сақтау үшін істеліп отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қоғамдық көліктердің кестесі өзгертілді

Індеттің көпшілікке тарап кетпеуі үшін елордадағы қоғамдық көліктердің кестесі өзгертілді. Бұл шешімді Нұр-Сұлтан қаласы коронавирус жұқпасының таралуын болдырмауға арналған жедел штаб қабылдады. Осыған сәйкес 2020 жылғы 26 наурыздан бастап елордадағы автобустардың жүру уақыты 21:00-ге дейін емес, 19:00-ге дейін өзгертілді. Сонымен қатар, 28 наурыздан бастап карантиндік аймаққа кіретін қала маңындағы барлық бағыт тоқтатылады. Олардың қатарында: Қосшы, Тайтөбе, Жібек Жолы, Талапкер, Қоянды, Қызылсуат, Ы.Алтынсарин, Нұрлы ауылдары бар.

Айта кетерлігі, 21 наурыздан бастап карантин аймағына кірмейтін қала маңындағы Ақмол, Қабанбай батыр, Р.Қошқарбаев, Максимовка, Воздвиженка, Арша, Жалтыркөл, Софиевка, Малотимофеевка және Шұбар ауылдарына автобустар тоқтатылған болатын.

Аталған шектеу шаралары мен өзгерістер карантин аяқталғанға дейін енгізіледі.

e-GOV-та қауіпті аймақ картасы іске қосылды

Осы арқылы коронавирус жұқтырғандар және олармен байланыста болған адамдардың қайда орналасқанын көруге болады. Мәселен, картада көрсетілген қызыл белгішелер – коронавируспен науқас адамдардың стационарда орналасқан жері, ал көгілдір белгішелер – коронавирус жұқтырғандармен байланыста болған адамдардың тіркелген жері. Олар стационарлы немесе үй карантинінде болуы мүмкін.

Індеттің елдегі ахуалын «Coronavirus2020.kz» -тен көруге болады

Ел арасында жалған ақпараттың таралуына тосқауыл қою үшін www.coronavirus2020.kz сайты іске қосылды. Бұл жаңалықпен ең бірінші болып ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев әлеуметтік парақшасында хабарлаған болатын.

«Қазір азаматтарды коронавирусқа қатысты жедел әрі сенімді мәліметтермен ақпараттандыру – ең маңызды мәселе. Кей уақытта қоғамды ақпараттандыру мен қарым-қатынастың жеткілікті дәрежеде тиімді болмай жатқанын мойындау керек. Түрлі ақпарат құралдары, әсіресе мессенджерлер арқылы жалған ақпараттың таралуы көптеген қиындықтар туындатуда. Осы орайда, www.coronavirus2020.kz сайтының іске қосылғанын хабарлаймын», – деп жазды ол.

Бұл ресурстар төтенше жағдай бойынша карантин кезіндегі тәртіп пен мемлекеттің коронавирусқа қарсы жасап жатқан шаралары жөніндегі барлық өзекті ақпарат жинақталған.

Ұлттық ұлан патрульдеуді күшейтті

Елімізде төтенше жағдай жарияланған алғашқы күннен бастап Ұлттық ұлан әскери қызметшілері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен тыныштық күзетін күшейтті. Сонымен қатар, республика бойынша мемлекеттік маңызды мекемелер мен стратегиялық нысандар ерекше бақылауға алынды.

Есенбол ИМАНҒАЗЫ

Бүгінде құқықтық тәртіп әскерінің жеке құрамы төтенше жағдай мен карантинге байланысты барлық шараға жұмылдырылды. Елордада күнделікті 600-ге тарта ұландық қызмет атқарады. Одан бөлек, жекеленген бағыт бойынша 72 әскери қызметші тосқауыл бекеттерінде қызметтік міндеттерін атқарып жүр. Олар екі ауысыммен тәулік бойы жұмыс істейді. Сондай-ақ, полиция қызметкерлерімен бірлесіп, айналма жол арқылы транзиттік көліктің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Айта кетерлігі, кезекшілік 12 сағаттық ауысым бойынша

жасалған. Төтенше жағдайға жұмылдырылған қызметкердің барлығы қорғаныс құралдарымен толық жабдықталған.

Ұлттық ұлан қызметшілері оңтүстік астанада да күшейтілген режимде қызмет атқаруда. Алматыда 900-ден астам ұландық қоғамдық тәртіпті сақтап, қала тыныштығын күзетіп жүр. Олар шаһардағы бірнеше вирус ошақтары – көпқабатты тұрғын үйлерді күзетуді де қамтамасыз етеді.

Жалпы, республика бойынша 4 мыңнан аса Ұлттық ұлан әскери қызметшісі халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қала тыныштығын қадағалап жүр.



Жолдағы санитарлық бақылау

Жамбыл облысында коронавирустың таралуын болдырмау мақсатында көлік жүргізушілері мен жолаушыларды инфекция белгілеріне тексеру жұмыстары басталды. Осы мақсатта төрт жол-санитарлық бақылау бекеті іске қосылды.

Қордай, Мойынқұм, Сарысу, Жуалы аудандарындағы бақылау бекеттерінде тәулік бойы қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген тоғыз қызметтік көлікпен 27 полиция қызметкері кезекшілік етеді. Полиция қызметкерлері көліктерді тоқтатып, денсаулық сақтау басқармасының мамандарына жүргізушілер мен жолаушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін мүмкіндік жасайды. Айта кетерлігі, күн сайын 400-500-ге жуық көлік бақылау бекеттерінен өтеді екен.

– Біздің басты міндетіміз – азаматтардың денсаулығын қорғау және



қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі уақытта бақылау бекеттеріндегі жағдай бірқалыпты, екі бағыттан да кіруге және шығуға тыйым салынбаған. Коронавирустық инфекция белгілері бар жағдайлар тіркелген жоқ, – деп атап өтті Жамбыл облысы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Рахымберді Әшкеев.

Елдегі төтенше жағдайға байланысты қоғамдық тәртіпті қамта-

масыз ету мақсатында полиция департаментінің барлық жеке құрамы қызмет атқарудың ерекше режиміне көшірілді.

Жамбыл облысының полиция департаменті автокөлік жүргізушілерінен аса қажеттілік болмаса төтенше жағдай кезінде қозғалысты шектеуге және басқа өңірлерге барудан бас тартуға шақырады.

Polisia.kz

Карантиндік режимді бұзғандар ұсталды

24 наурыз күні сағат 13:45 шамасында Ұлттық ұланның 5573 әскери бөліміне қарасты жауынгерлер карантиндік аймақты заңсыз өткізі келген екі азаматты ұстады. Оқиға Нұр-Сұлтан – Көкшетау тас жолында орын алды.

Дарын СЕЙІТОВ

Олар мән-жайды анықтау үшін ұсталған азаматтарды Байқоңыр аудандық полиция басқармасына тапсырыпты.

– Бізге бекітілген аумақта бақылау жүргізіп тұрдық. Шамамен 250 метр жер қашықтықтан қала жақтан шыққан екі азаматты байқадық. Біз тез арада қимылдап, ысқырықпен белгі беріп, жүгіріп қастарына бар-

дық. Қолға түскен сәтте олар аталған бұзушылыққа көз жұма қарап, бізді жіберуге көндіргісі келді, – дейді қатардағы жауынгер.

Тексеріс барысында заңсыз әрекет еткендердің 1992 және 1993 жылғы екені анықталды. Біреуі – елорда тұрғыны болса, екіншісі Қостанай облысы Арқалық қаласының тұрғыны. Олар ешкім байқамай қалар деген оймен Ақкөл қаласына жол тартқан екен.

АЛАНДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Көктем келіп, күн жылысымен су тасқыны мәселесі мемлекеттік органдардың, соның ішінде Ішкі істер министрлігіне қарасты Төтенше жағдайлар комитетінің күн тәртібінен түспейді.



ТЖК тек Нұр-Сұлтан және Алматы сияқты үлкен, маңызы зор қалалардың ғана емес, еліміздің барлық аймағының жағдайын жіті бақылауда ұстайды.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан

2020 жылдың қысында еліміздің солтүстік аймақтарына қар көп мөлшерде түсті. Сондықтан су тасқыны мәселесі қыстың соңғы айынан бастап талқыланып, дайындық жұмыстары жүргізіліп, алдын алу шаралары жасалды. Биылғы қыста Нұр-Сұлтан қаласынан 5 млн текше метрге жуық қар қала сыртына шығарылды. Жалпы, 2020 жылдың қысында астанада күн-түн демей, шамамен 340997 рейс жасалып, осы шараларға мыңдаған жұмысшы мен техника жұмылдырылған.

2020 жылдың 24 наурызында ҚР ПІМ-нің Төтенше жағдайлар комитетінде мемлекет аумағындағы су тасқыны мәселесіне арналған брифинг өтті. Брифингте спикер болып министр орынбасары Ю.Ильин

сөз сөйледі. ТЖК-нің баспасөз қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, 16 наурыздан бастап еліміздегі жергілікті және республикалық маңызы бар автожолдарда бес мәрте су басу орын алған. Бұл фактілер Ақмола (2) және Солтүстік Қазақстан (3) облыстары аумағында тіркелген. Жергілікті төтенше жағдайлар департаменттерінің жедел атқарған қызметі мен шараларының арқасында адам шығыны болмай, қатердің беті қайтарылды.

Бұған дейін 14 наурыз күні ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев, Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.Ильин, «Казгидромет» РМҚ, «Қазавтожол», ТЖК, СРК өкілдерімен бірге ҚР Премьер-министрінің орынбасары Р.Скляр, Қосшы, Ильинка, Қажымұқан, Талапкер, Қоянды, Новомарковка елдімекендері, Вячеслав су қоймасы маңы мен Астана

контр-реттегіші, Нұра өзенінің сағасындағы Преображенское СЭС аймақтарын тікұшақпен айналып өтті. Аймақтардағы қар қалыпты еруде және елдімекендерге қауіп төндіріп тұрмағаны тіркелді.

Ауа температурасының қарқынды жылынуына байланысты Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарының өзендерінде мұздың әлсіреу үдерісі басталды. Өзен суының арнасынан асып, елдімекендерге жайылмауы үшін жыл сайын мұз қопсыту жұмыстары жүргізіледі. Биыл республика бойынша өзендерде 14 тонна жарылғыш заттарды қолдана отырып, 123 мұз жару шаралары жүзеге асырылды. Еріген қар суы бөгетсіз өзен-көлдерге құйылуы үшін 11 мың шақырымға жуық арықтар мен арналар тазаланды. Көлік қозғалысына кедергі келмес үшін автожолда 25 мың, теміржолда 5 мың су өткізу құрылыстары қайта тексерістен өтті.

Су тасқынының алдын алу және салдарын жою мақсатында қорғау бөгеттерін салу және жөндеу, су тасу қауіпі бар өзендердің жағасын бекіту, түбін тереңдету, түзету, арналар орнату бойынша шаралар әлі де жалғасып жатыр. Себебі еліміздің ірі өзендері бар кей аймақтарда 30 наурыз бен 5 сәуір аралығында мұз әлсіреу үдерісі күтілуде.

Халықты оқыту және ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде, елдімекендерде рейдтер, жиындар өткізіліп, оның барысында халыққа су тасқыны кезінде өзін-өзі ұстау іс-қимылдары түсіндіріледі.

Жауапкершілік – басты қағида

СҚО Төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы ТЖ режимі кезінде көктемгі уақытта аймақтың тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан

Көктемгі уақытта ауа райының құбылуына байланысты төтенше жағдайлардың туындау қаупі артады. Елімізде пандемия салдарынан төтенше жағдайдың жариялануына байланысты атқарылатын шаралар легі азайып, облыс тұрғындарына, әсіресе балықшыларға қатаң ескертулер жасалды. Мұздың жұқаланғанына қарамастан, әуестікпен олжа қуалап балық аулауға шығатын азаматтарға әлеуметтік жауапкершілік және жеке бас қауіпсіздігі туралы айтылғанымен,

олар айтылған сөзге құлақ түрмей, су қоймаларына шығады. Онымен қоймай, олар қауіпсіздік ережелерін бұзып, өзінің ғана емес, құтқарушылардың да өмірін қатерге тігеді.

Облыс бойынша мұндай су қоймаларының саны екі мыңнан асады екен. Сондықтан демалыс және мереке күндері СҚО ТЖ департаментінің құтқарушылары аса қауіпті учаскелерде балықшылармен алдын алу жұмыстарын жүргізді. Департамент қызметкерлері балықшыларға қар еру және мұздың жылжуы кезінде мұзда болу қауіпті екенін түсіндіріп, судағы ТЖ кезіндегі іс-қимылдарға үйретті. Әңгіме соңын-

да балықшылардың әрқайсысына өзін-өзі және өзара құтқарудың тәсілдері мен тәсілдері сипатталған жадынама табыс етілді.

– Біз үшін адамдардың қауіпсіздігі – бірінші орында. Алайда азаматтарымыз елде болып жатқан жағдайды ескере отырып, үйде жақындарының жанында отыра, өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінсе екен, қауіпті жерлерге бармаса екен, – деді департамент бастығының орынбасары, майор Игорь Жуков.

Айта кететін жайт, «Мерекелік бескүндік» кезеңінде Департаменттің жүзден астам қызметкері рейдтік шараларға қатысты. Рейдтер барысында 3000-нан астам балықшымен әңгіме өткізілді және осы бағыттағы шаралар әлі де жалғасуда.

Абай болыңыз: Жұқа мұз!

Көктем мезгілі келісімен су қоймаларындағы, тоғандардағы мұз қабаты барынша жұқарды. Ауа-райының жылынуынан қар қарқынды еріп, өзен арналары суға толды. Осыған байланысты Табиғатты қорғау полициясы мен ТЖ қызметкерлері өздеріне сеніп, балық аулауға шығатындарға аталған фактордың қауіпті екенін ескертеді.

Мәдина БАЛҒАШОҚОВА,
СҚО

Қыста алаңсыз балық аулаған орындар бүгінде үлкен қауіп туырады. Балықшылардың керек-жарақтары ауыр, сол себепті мұзға салмақ түсіреді. Әсіресе, техникамен мұздың үстіне шығу, оны қою аса қауіпті. Балық аулау кезінде мұз астына кетуі әбден мүмкін. Өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көктем мезгілінде балық аулауға шығуды шектеу қажет, автокөлігімен мұз бетіне шықпау керек. СҚО ПД ЖПҚБ Табиғатты қорғау полициясы тобының аға

инспекторы полиция капитаны Асхат Қожабаевтың айтуынша, барлық қалалық, аудандық бөлімшелерге тоғандарда балық аулау кезінде қауіпсіздік шараларын барынша сақтау қажеттігі туралы халықпен ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде нұсқау жолданды.

ТЖ және балық аулау инспекциясы қызметкерлері жаппай балық аулау орындарында қауіпсіздік шараларын, балық аулау ережелерін сақтау, сондай-ақ, мас күйдегі қайғылы оқиғаларды болдырмау мақсатында бақылауды жүзеге асыру үшін бірлескен топтар құрды.

– Уақытты үнемдеймін деп жұқа мұздың үстімен жүріп және көктем кезінде балық аулаумен айналысып, өз өміріне қауіп төндірмеген жөн. Қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде сақтауға шақырамыз, – дейді Табиғатты қорғау полициясының қызметкері Асхат Қожабаев.



Қостанайдағы нөсер

Қарлы аймақтардың бірі саналатын Қостанай қаласында осыдан бірнеше жыл бұрын Көбеев көшесінде қатты нөсер болған. Сол нөсердің салдарынан жыл сайын барлық шағын аудандардан келетін көктемгі қар суы осы жерге жиналады. Сол жолдарды тазарту, су басудың алдын алу мақсатында қаланың ТЖД мен коммуналдық жүйе қызметкерлері аянбай жұмыс істейді. Кәріз жүйесінің жалпы ұзындығы – 95 шақырымнан астам. Мердігерлер облыс орталығынан 800 мың текше метр қар шығарып, қала аумағындағы құдықтарды тазартқан.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан

Мердігер «АБЗ плюс» Қостанайдың 6, 7 және 8 шағынаудандарының алаңдарынан еріген суды басудан қорғайтын Оңтүстік айналма арнада қар тазалау жұмыстарын жүргізді. Осындай жұмыстар Қостанай-2 шағынауданын су басуына кедергі келтіретін «Таулы арық» ауданында арнайы техникамен атқарылды.

Тұрғын үйлер аулаларындағы жағдай мүлде ауыр, себебі тұрғындар жыралар мен кәріз құдықтары жолдарына күл мен қоқыс тастайтындықтан, олар бітеліп қалады. Соның салдарынан су ақпай жиналып қалады да, аулада су таси бастайды.



Осындай жағдайды болдырмау үшін жыл сайын рейдтер өткізіліп, азаматтарға жауапкершілігін түсіндіру шаралары жүргізіледі. Бірақ олар өз қауіпсіздіктеріне өздері жауапсыз қарап, судың тез ағып кетуіне әлі де кедергі келтіруде.

Қазіргі таңда Қостанай қаласында 355 кәріз жүйесі жұмыс істейді және қалалық әкімдік пен төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері көктем және жазғы жауындар уақытында олардың жұмысын ұдайы қадағалап отырады. Қала ішіндегі қар шығару, кәріз жүйесін тазалау, жөндеу жұмыстарымен ТЖ, ТКШ қызметі және мердігерлік кәсіпорындар жұмыла айналысады.

Алтайда ахуал қалыпты

21 наурызда Шығыс Қазақстан облысының Алтай ауданына облыс әкімінің орынбасары Б.Байахметов ШҚО ТЖД бастығының міндетін атқарушы Қ.Әбділовпен бірге келіп кетті.

Сәуле Сембекова
ШҚО

Сапар мақсаты 2020 жылғы су тасқыны мерзіміне дайындық жағдайын тексеру еді. Комиссиялық түрде Алтай ауданындағы су тасқыны болуы ықтимал ауылдарға жол тартты.

Атап айтсақ, Тұрғысын, Малеевск, Снегирево, Соловьево, Путинцево ауылдары, Зубовск кенті мен Алтай қаласына барып қайтты. Су өткізу және көпірлердің тазалануы, қаптар мен инертті материалдар қоры да тексерілді. Су шығаратын жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігі тексерілді. Азаматтық қорғау органдарындағы 16 дана мен жергілікті атқарушы органдардың 16

дана мотопомпасының жұмыс істеу қабілеті сыналды. Жергілікті атқарушы органның 8 дана мотопомпа сатып алғанын атап өту қажет. Сонымен қатар су тасқыны кезінде халықты уақытша орналастыру үшін су тасқыны қауіпі төніп тұрған елдімекендер мен апат жағдайында халықты эвакуациялайтын орындарға барып қайтты.

Тексеру барысында қауіпсіздік ережелері мен техникалық дайындыққа қатысты ескертулер жасалды. Жауапты адамдарға су өткізу құбырлары мен көпірлерді тазалау, өзендерде сең жүруді және Алтай ауданындағы өзендердің су деңгейін бақылауды жалғастыру сияқты бірқатар тапсырмалар берілді.

Қауіпті учаскелер қадағалануда

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің тапсырмасы бойынша ШҚО Төтенше жағдайлар департаменті, ШҚО жұмылдыру дайындығы басқармасы және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері облыстың мәслихат хатшысы В.М.Головатюктің басшылығымен су тасқыны қауіпті учаскелерге тексеру жүргізді.

Сәуле СЕМБЕКОВА,
ШҚО

Тексеру жұмыстарын Глубокое (Белуосовка, Алтайский, Предгорное және Прогресс ауылдары) және Шеменоиха (Шеменоиха, Выдриха, Верх-Уба, Убинка) аудандарынан бастады. Ерекше назар көпірлерді, су өткізу құбырларын, арықтар, арналарды тазалау мен су әкету сұлбасына аударылды. Сондай-ақ, су тасқыны болатын жағдайда адамдарды эвакуациялау үшін уақытша орналастыру пунктері тексерілді. Сонымен қатар «Шығыс су қоймалары» РМҚ қарасты гидротехникалық

құрылымдар да тексерістен өтті. ЖАО, азаматтық қорғау органдарының мотопомпалары, ЖЖМ қоры, азық-түлік пен алғашқы қажетті заттарды жеткізуге ниет-келісімдердің бар-жоғы тексерілді.

Аралап шығу нәтижелері бойынша су тасқыны қауіпті аумақтардағы әрі қарай атқарылуы тиіс шаралар белгіленді. Жалпы алғанда, облысымызда су тасқынының өту мерзімі қолайлы қалыптасуда, қардың қарқынды еруі апатты жағдайсыз өтуде. Жағдай тұрақты, су басу жағдайы тіркелген жоқ, өзендердегі су деңгейі шекті белгіден аспады.

Наурыз мейрамы - жаңару мерекесі. Шығыс күнтізбесі бойынша Наурыз - жаңа жылдың басы, көктемгі күн мен түннің теңесу кезеңінің уақыты. Қазақстандықтар үшін бұл мереке көктемгі жаңғырудың, махаббат пен достықтың символы болып табылады. Төменде мерекелік материалдарды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Ардагерлер ардақталды

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерге және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясатының тұжырымдамасына сәйкес Қызылорда облысы ТЖД ұжымы бірқатар сала ардагерлерін Наурыз мерекелерімен құттықтап, ізгі лебіз білдірді.

Ұлан ОРАЗ,
Қызылорда облысы

Атап айтқанда, биыл 70 жасқа келген Зәуре Ахметоваға Қызылорда облысы әкімінің алғыс хаты мен гүл шоқтарын табыс етті. Зәуре Бекшеқызы 1973-1998 жылдары Қызылорда қаласында әр түрлі мекемелерде есепші болып жұмыс істеген. 1998-2008 жылы облыстық төтенше жағдай департаментінде Қаржы басқармасының басшысы болып абыроймен қызмет етті.

Сонымен бірге 1997 жылы қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан аға өрт сөндіруші, өртке қарсы қызмет сержанты Арғын Әшірбековтің ата-анасын да Наурыз мерекесімен құттықтап, сый-сияпат табыстады, оларға денсаулық пен ырыс-береке тіледі.

Арғынның әкесі Қазыбек Әшірбеков - полиция қызметінің ардагері. Ол отбасына келген Департамент қызметкерлеріне ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Осы отбасындағы емен-жарқын әңгіме барысында: «Өрт сөндіру қызметі – өте қиын және жауаптылықты қажет ететін сала. Тілсіз жау - өртпен арпалыста өрт сөндіруші құрбан болуы да мүмкін. Осы оқиғаның болғанына 23 жыл өтсе де, бұл ауыр қайғының орны ешқашан толар емес. Біз әріптестерімізді ешқашан ұмытпаймыз», – деді Қызылорда облысы ТЖД бастығының кеңесшісі Т.Ботабаев.

Иә, өз ісіне адалдықты, әскери тәртіпті сақтайтын азаматтық қорғау саласының қызметкерлері – ерқашан да елдің алғысына лайықты жандар.

Жаңару мерекесі

Ертеде Наурыз келгенге дейін адамдар үйлерін тазалап, аулаларына гүлдер мен ағаштар отырғызған. Наурыз таза үйге кірсе, ауру, сәтсіздік, қиыншылықтар ол үйді айналып өтеді деп саналған.

Нұрсұлтан СӘРСЕНҒАЛИ,
Жамбыл облысы

Наурыз мерекесіне орай, Жамбыл облысы ТЖД Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметіне қарасты Тараз қаласының №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің ұжымы да бірқатар іс-шаралар өткізді.

Мысалы, өрт сөндірушілер бөлімінің сыртқы эстетикалық келбетін жақсарту мақсатында мекеме аумағына жаңа көшеттер мен гүлдер

отырғызды. Болашақта бұл ағаштардан үлкен тоғай өсіп шықпақ. Ағаштар бөлім аумағын қоршайтын болады.

Сонымен қатар, ұжым демалыс бөлмесін ұлттық стильде безендіріп, одан да үлкен жайлылық жасады. Бөлмеде ою-өрнектермен безендірілген шаңырақ, қырандар және қолмен істелінген екі үлкен панно ілінді.

Наурыз әр үйге бейбітшілік пен тыныштық, жақсылық пен махаббат, игілік пен гүлдену әкелсін!!! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!



Дәстүрлі дәммен дәріптелген дастарқан

«Ұлыстың Ұлы күні» деп тәу етеді түркі жұрты. «Наурыз келді - жыл келді» деп қуанады қаймана қазақ. Одан соң көктемнің ескен алғашқы самалымен олар қоржынның түбін қағып қыстан қалған барын алып шығар еді. Өйткені жер аяғы кеңіп, мал аузы көкке, адам аузы аққа тиер күн жеткен болатын. Мұндайда тойлаған жұрттың көңілі дастарханынан көрінеді. Ал ондағы дәмнің ең үлкені – Наурыз көже.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ,
сурет автордікі

Бұл мереке - жаңа күннің, бірлік пен берекенің мерекесі. Сол себепті Наурызды тойлаған жұрт жаңа жылға аман - есен жеткеніне тілек айтысып, абыр-сабыр, арқа-жарқа боп жатады. Әйтсе де, биыл әлемді шарпыған пандемияның себебімен жер-жерде Наурыз мерекесін тойлауға шектеу қойылды. Сонда да болса Нұр-Сұлтан

сойылып, қаншама қымыз таратылып, бұрын-соңды болмаған думанды кеш өткені есімде. Содан бері Наурыз мейрамы жыл сайын тек қана жан-жақты дамып, жаңаша сипатымен тойланып келеді. Мен де осы ата-баба дәстүріне қосқан перзенттік борышым болсын деп, жыл сайын ұжымдағы Наурыз мерекесіне ақ дәм пісіріп әкелемін. Оның құрамы 9 дәмнен тұрады. Бесеуі бидай, маш, жүгері сынды тағы да басқа дәнді-дақылдар болса, қалғаны сүрленген

сәулесі», «Сақшы», «На страже» газеттері бар жүзден астам газет-журналға жазылыпты. Соларды поштадан барып әкеліп тарату кітапханашының мойнында. Бір сөзбен айтқанда, біздің басылымдарды бұл мекемеде ең бірінші қолына алып көретін Қанаш Апаханқызы.

«Төл мерекемізде төл басылымдымыздың бетіне шығатыныма қуаныштымын. Өйткені, салалық басылымды ұжым болып үзбей оқимыз. Мерекелі күнде жағдайды пайдаланып, барша қазақстандықтарды, департамент пен мекеме ұжымын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтағым келеді. Жаңа жыл еліміз үшін берекелі де бейбіт жыл болсын. Сіздерге де алғыс білдіре отырып, мерекелеріңізбен құттықтаймын.



қаласы бойынша ҚАЖД-ға қарасты ЕЦ-166/1 тергеу изоляторының ұжымы күнделікті жұмыс режимінде жүріп-ақ, мерекелік Наурыз көжеден дәм татты. Оны әріптестері үшін ұжымдағы жасы үлкені Қанаш апа дайындап алып келді. Бұл - оның бұлжымас заңы, жыл сайынғы әдеті, ата-баба дәстүріне деген құрметі. Түскі уақытқа арналған үзілісте әріптестер Қанаш апаның көжесінен дәм татып, тоқ басып қана қоймай, мерекенің тарихына да қанықты.

– Наурыз мерекесі өткен гасырда үзіліп, қайта жалғанғаны болмаса, дәуірлер тереңінен келе жатқан көне ғұрыпқа лайық дәстүріміз ғой. Біздің жас кезімізде бұл мереке мұндай кең көлемде тойланбайтын. Тіпті оның барын көп біле бермейтін де едік. Қасиетті Тәуелсіздігіміздің арқасында баба мұрасы ұрпағына қайта оралды. Әлі есімде, 1989 жылы сол кездегі Жезқазған облысы Жәйрем дейтін жерде жиырма шақты киіз үй тігіліп, облыс активі мен халқы жиналып, үлкен мереке өтті. Қаншама жылқы

ет, қатық, ұн сынды дәмдер. Былайша айтқанда, қысқы қордан қалған ең нәрлі азық-түлік түрлері ғой. Көшпенді халықтың асының ең үлкені осы мал мен егін шаруашылығы өнімдерінен тұрады. Мен оны жастарға түсіндіріп айтып отыруға тырысамын, – дейді Қанаш апа.

Қанаш Апаханқызы 1958 жылы бұрынғы Жезқазған облысы, Жаңарқа ауданы, Жезді кеңшарында дүниеге келген. Осы мекемеде 2004 жылдан бері қызмет етеді. Әуелгіде шаруашылық бөлімінің инспекторы болып бастаған болса, 2011 жылдан бастап кітапханашы болып ауысқан. Содан бері осы қызметте. Тергеу изоляторының кітапхана қорында 10 мыңнан астам кітап бар екен. Сонымен қатар мекеме бойынша баспасөзге жазылу жұмыстарын ұйымдастыру да Қанаш апаға жүктелген екен. Биылдыққа мекеме қызметкерлері мен жазасын өтеушілер арасында біздің «Жазаларды орындау – Исполнение наказаний», «Пожарный и спасатель Казахстана» журналдары мен «Үміт

Кітапханашы ретінде айтарым, қазіргі адамдар кітаптан гөрі газет-журналдарды көп оқиды. Ал насихат пен дәріптеудің адам тәрбиесінде алатын орны ерекше. Ендеше, сіздің басылым арқылы Наурыз көжені, ұлттық киімімізді, зергерлік әшекей бұйымдарымыз бен ою-өрнектерімізді дәріптей алып жатсам, перзенттік борышымның орындалғаны, – дейді Қанаш апа.

Расында да, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда ұлттық киімдерімізді киіп, ою-өрнек, зергерлік әшекей бұйымдарымызды тағып отырғанның өзі тәрбие. Бұл кейіпкеріміздің ата-бабадан дарыған, қанына сіңген қасиеті. Жылына бір рет те болса Наурыз мерекесінде ел-жұрт болып ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық ойындарымызды насихаттап жатамыз. Ал одан кейін бұл ұлттық мұраларымыз әр отбасының мейрамханаларда немесе өз шаңырақтарында жасаған тойларында жаңғырып жатады. Ендеше, бұл күнді ұлттық санаға сілкініс беретін дәріптеу күні деп атаса болар.

Көрісу бұл көненің желісі еді

14 наурыз – Көрісу күні. Кезінде тек еліміздің батыс облыстарында ғана сақталып, бүгінде кеңінен таралып келе жатқан бұл дәстүрдің Шығыс Қазақстан облысында да жандана бастағаны қуантады.

Рысхан ОРЫНҒОЖИНА,
ШҚО

Бұл күні адамдар ерте тұрып, жастар жағы елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Бір-біріне ізгі тілектер тілейді. Бұл күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-қолаң бірін-бірі дастарханымыз аралас болсын деген ниетпен шеке асына шақырады. Көрісу - тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мейрамы ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі тәрбиелік мәні бар тәлімді мереке.

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Шуақ ауылында орналасқан ОВ-156/21 мекемесінде ұжым адагерлері ежелден ұмыт қалған Көрісу мейрамын жаңадан жаңғырту мақсатында мерекелік шара ұйымдастырды. Таңертең жұмысқа келісімен олар мекеме қызметкерлерін кіреберістен қарсы алып амандасып, «Жасың құтты болсын!» деп тілек айтып, құшақтаса көрісті. Мекеменің мәжіліс залы қазақтың ежелгі салт-дәстүріне сай безендірілді, үлкен дастарқан жайылып, ұлттық тағамдар қойылды және мекеме ардагерлері мен қызметкерлер дастарқан басында жиналып, бір-біріне ызғарлы да боранды қыс-

тан аман шығып, қауышқандарына ризалықтары мен тілектерін білдіріп жатты. Мерекеміздің көркін мекеме бастығы, әділет подполковнигі Ж. Алтаев құттықтау сөздерімен әрлеп, келген қоңақтар мен мекеме қызметкерлерін құттықтап, алғашқы ізгі тілегін білдірді.

Іс шараның мақсаты мекемеміздің жастарына қазақ халқының көнеден келе жатқан дәстүрлерінің бірі - Көрісу күнінің немесе Амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру, ұлттық дәстүр туралы білімдерін одан әрі дамыту және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу. Ұрпақ азбасын, дәстүр тозбасын деген ниетпен «14 наурыз – көрісу-амал мерекесі» атты іс-шарамыз мекемеміздің ардагері Бекен Қопановтан бата алумен аяқталды.



Ғарыштан орын алған Қаныш



Кез келген дүниенің бастау бұлағы болады. Ол – өнерге, ғылым мен білімге тән құбылыстың бірі. Мысалы, қазақ тарихы жайлы сөз өрбігенде Әлкей Марғұланды, кино өнерінде – Шәкен Аймановты, әдебиетте – Мұхтар Әуезовті тілге тиек етпей, өтіп кете алмаймыз. Дәл сол сияқты, өмірін геология мен тау-кен ісіне, зерттеу жұмыстарына арнаған біртуар азамат бар. Оның есімі тарих беттерінде қазақтан шыққан тұңғыш академик ретінде өрнектелді.

Инжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан

Иә, бүгінгі ойдың төркіні аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаев жайлы болмақ.

Қаныш Имантайұлының азан шақырып, қойған есімі – Ғабдул-Ғани. Анасы Қаныштың ағасы Ғабдул-Ғазизді – Бөкеш деп, ал бала Ғаниді еркелітіп, Ғанышым деп атаған екен. Кейін Қ.Сәтбаев мектепке барған уақытында есімі журналға Қаныш болып жазылып кеткен. Сөйтіп, Ғабдул-Ғани білім жолындағы сара жолын Қаныш болып бастап, осы есіммен күллі әлемге танылады.

Ол сауатты алғаш ауыл молдасынан ашқан. Кейін Павлодар қаласындағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында оқып, Томск технология институтының тау-кен факультетінде білім көкжиегін кеңейтеді. Қаныш Имантайұлы мұғалімдер семинариясында М.Әуезов, Ж.Аймауытов сынды көрнекті қазақ қайраткерлерімен бірге оқыған.

Қаныш – мұғалім, Қаныш – болыс

Қаныш Имантайұлы ерекше есте сақтау қабілетімен, оқу-білімге деген ынтасымен жастайынан дараланған. Білімге деген аса ыстық ықыласы 1914 жылы Қанышты Семейдегі мұғалімдер семинариясына алып келеді. Оның білімге құштарлығы бұл жерде еселене түседі. Себебі, білім ордасы білікті, өз ісінің шебер мамандарымен жасақталып, онда негізгі пәндер бойынша қажетті білім толығымен берілді. Айта кетерлігі, бұл жердегі кітапхана мен қалалық кітапхана да оның өздігінен білім алуына көп септігін тигізді. Деректерге сүйенсек, семинарияда оқып жүрген кезінде Қ.Сәтбаев Чернышевский, Добролюбов, Белинскийдің, Маркс пен Энгельстің туындыларымен танысып, шетел әдебиетін кеңінен оқып, өзін жан-жақты дамытқан. 1918 жылы Қаныш аталған білім ордасын сәтті тәмәмдап, әрі қарай оқуын жалғастыру үшін Семейде ашылған қазақ-мұғалімдер курсына жаратылыстану оқытушысы болып түсті. Бірақ бұл жерде ол көп тұрақтамайды, себебі сол кездері денсаулығы сыр береді. Қаныш оқуын тастап, туған ауылына оралуға мәжбүр болады. Десе де, ол мұнымен тоқтап қалмайды. Білімін өздігінен жалғастырып, ауылдық мектепке мұғалім болып жұмысқа тұрады. Сөйтіп, жас балаға білімнің зекетін беріп, білгенімен бөліседі.

Тарих беттерін ақтара отырып, 1919 жылы Кеңес өкіметінің заңымен қазақ даласының өмірі өзгергенін байқаймыз. Дәл осы уақытта өкімет қарапайым халық арасынан заңдарын көпшілік қауымға жеткізе алатын сауатты адамды іздейді. Осы себепті

1920 жылдың басында Павлодар уездінің ревкомы талабы бар жас маманды байқап, Қаныш Имантайұлы Баянауыл ауданының халық биі етіп тағайындайды. Олардың сенімі толығымен ақталады, себебі Қаныш өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, халық сотының сессиясымен ауылдарға жиі шығып тұрады. Қазақ еліне өркеніетті, жаңа заман орнату үшін өз үлесін қосады.

Қаныш ғылымға қалай келді?

Қаныштың білімге деген құштарлығы оны мұғалімдікке, кейін болыстыққа жетеледі. Бұл тұста оның азды-көпті бағындырған шыңдары да болды. Ал ғылымға, оның үстіне геологияға келуі дәл сол жылдары көпті таң қалдырды. Себебі, қазақ елі үшін геология, жерді зерттеу мәселесі таңсық еді. Қ.Сәтбаевқа «Қазақтың тұңғыш геологы болу» маңдайына жазылғандай.

Қанышты ғылымға, яғни геологияға жетелеген – профессор, геолог

Михаил Усов еді. М.Усов та оның ерекше қабілетін бағалап, білімін шыңдау мәселесін тез арада жүзеге асыруға кеңес береді.

Сөйтіп, 1921 жылы Қаныш үлкен үміт арқалап, Томск технологиялық институтына оқуға кетеді. Ол Томскіге келіп, қабылдау сынақтарын ойдағыдай тапсырып, Тау-кен факультетінің геологиялық барлау бөліміне студент болып қабылданады. Бірақ оқу барысында оның дерті асқына түсіп, дәрігерлердің ұсынысы бойынша Қаныш туған еліне оралады. Десе де, болашақ геолог мойымайды, дертімен бір жарым жыл күресті. Ақыры, жеңді. Бастаған оқуын да тастамай, ат басын қайтадан Томскіге бұрды. Бұл жолы бәрі сәтті болды. 1926 жылдың маусымында Қаныш аталған білім ордасын тамамдап, тау-кен инженері болды. Қазақтан шыққан тұңғыш геолог атанды.

Осы шаһардағы өмір, студенттік шақ, білімді де білікті мамандардан дәріс тыңдау Қ.Имантайұлының білім көкжиегін кеңейтті, дүниетанымын өзгертті. Қаныш,

Осы саланың әрқайсысында оның тайға таңба басқандай айқын ізі бар. Десе де, дәл осы геология, жерді зерттеу Қаныштың басты миссиясы болды. Оның алғашқы зерттеуінің бірі Жезқазғаннан бастау алды. Қаныш бұл өлкенің жерасты қазба байлығына толы екенін дөп басып тапты. Аймақты зерттеуді кейінге қалдырмау керектігін түсінді. Осы бағытта қамданып, тынбай еңбек етті. Ол КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы Кеңесі алдына алғашқы бесжылдықта Жезқазған рудаларының негізінде жаңа мыс комбинатын салу қажеттігі жөнінде мәселе көтерді. Оның көкейінде үлкен Жезқазған туралы идея туындады.

Бұл идея басшылар тарапынан ол кезде таза фантазия болып қабылданды. Қ.Имантайұлына Жезқазған масштабы туралы пікірінің дұрыстығын дәлелдеу үшін геологиялық барлау жұмысының қарқынын арттырып, көп еңбек ету керек болды. Ол қателеспеді. Оның тұжырымы дәл болып, кені мардымсыз саналған Жезқазған ірі кентасты ауданға ай-



лог Михаил Усов еді. Шынтуайтында, қарапайым ауыл мұғалімі мен Кеңес Одағына танылған профессор қалай танысты деген заңды сұрақ туындайды. Олар, шынында да, кездейсоқ табысты. 1921 жылы Баянауыл өлкесіне, Қаныштың ауылына Томск технологиялық институтының профессоры, геолог Михаил Антонович ем-дом алуға келеді. Осылайша, профессор мен Қаныш танысып, сан түрлі тақырыпта әңгіме өрбітеді.

Профессор әңгімелері Сәтбаевты бірден баурап, ғылым жайлы терең ойлары оны тамсандырады. Әсіресе, Қанышты Қазақ елінің жер қойнауындағы байлығы, оның ел экономикасының дамуына қосар оң ықпалы, жер құрылымы туралы деректер қатты қызықтырды. Нәтижесінде Қ.Сәтбаевтың жоға-

әсіресе, өзін ғылымға жетелеген М.Усовпен тығыз қарым-қатынаста болған. Қаныш ұстазы жайлы былай деген: «Томскіде өткізген студенттік жылдардағы академик М.Усовпен тығыз байланыстағы қатынасым, оның терең және тың геологиялық ойлары, геологтарға және Сібірдің табиғатына деген махаббаты, оның адам және ғалым ретіндегі тартымды қасиеттері маған терең әсер қалдырды және осы шын мәнісіндегі ізгі адамға, ұлы орыс халқының лайықты ұлына деген алғысым шексіз».

«Міндетім – байлықты халық игілігіне жарату»

Қаныш Имантайұлы негізінен геология, тарих және мәдениет саласы бойынша қажырлы еңбек етті.

налды. Тіпті 1931 жылдың аяғында осы өлкеден табылған қорлардың арқасында Кеңес Одағы мыс кен орындары арасында бірінші орынды иеленді. Бұл ретте Қаныштың еңбегі орасан зор еді.

Ол Жезқазғаннан мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, тарихи маңызы бар геологиялық қорытындылар жасады. Айта кетерлігі, Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронин құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Қаныштың жетекшілігімен қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылды.

Қ.Имантайұлы қазақ елінің нағыз патриоты болды. Оның әр еңбегі халық игілігі үшін жасалды. Бұл сөзге оның жүректен шыққан ойы дәлел бола алады. «Жеріміздің үсті де, асты да бай. Менің геолог ретінде борышым – жер астындағы қазбаны табу, оның қорын анықтау. Ал ғалым ретіндегі міндетім – кен байлықтарын халықтың игілігіне жарату» деп Қ.Сәтбаев ерекше сүйіспеншілікпен айтқан-ды.

Ол, сондай-ақ, алгебра пәні бойынша 1 642 беттен тұратын оқулық жазды. Тарих бетінде бұл еңбек тұңғыш қазақ тіліндегі алгебра оқулығы болып өрнектелді. Жалпы, Қаныш Сәтбаев 640-тан астам маңызы терең ғылыми еңбек жазған.

Есімі мен қызметі – мәңгілік

Қаныш Сәтбаев үш ауқымды жаңалықтың бастау бұлағын қалады. Олар – Жезқазған жерасты байлығы, Қазақстан ғылым академиясы, Геологиялық ғылым институты. Оның қажырлы еңбегін элементтің мұрагері мойындады. Мысалы, Ұлыбританияның Премьер-министрі Антони Иден: «Кеңес Одағында Қаныш Сәтбаев сынды әлемдік тұлғаның туғандығы – жапа құбылыс» деген. Бұл – оның даралығын айқындайтын ерекше теңеу. Ал Кеңес Одағының еңбек сіңірген астроном ғалымы Николай Черных Қаныш Сәтбаевтың құрметіне осыдан тура 40 жыл бұрын, яғни 1979 жылдың 31 шілдесінде ашқан ғаламшарына (астероид, кіші планета) Сәтбаев есімін берген. Осылайша Сәтбаев есімі ғарыштан да ойып тұрып, орын алды.

Қаныш – қазақтың бақытына орай туған дарын иесі. Ол жайлы үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Е.Славский былайша тебіреніп ой қорытқан: «Сіздер, қазақстандықтар, Қаныш Сәтбаев тұлғасында қандай данышпанға ие болғандарыңызды әлі күнге дейін түсінген жоқсыздар, оның ұлы еңбектері Қазақстанда ғана емес, кеңестік ауқымда толық түрде әлі де бағаланған жоқ. Біздің ғасырымызда мұның болуы екіталай. Алайда Сәтбаевтың даңқты кезеңі сөзсіз басталады. Ол жер қойнауының құпияларын бәрінен артық түсінетін және кен орындарын қайдан табуды алдын ала білетін. Оның болжамдары әрқашан дәл және дұрыс болды. Біз, өндірісшілер, оның болжамдарына сендік және бірде-бір рет алданған жоқпыз. Біздің заманымыздың көрнекті ғалымы еңбек сіңірген наградаларының бірде бірін алмастан, өмірден өтті. Оның үстіне ең жоғары награда, бұл - халықтың сүйіспеншілігі мен мойындауы, ал бұны Қ.Сәтбаевқа бұйыртқан. Оның есімі мен қызметі – мәңгілік».

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы, Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, отставкадағы милиция полковнигі
НУРМАНОВ Қабыршақ Ғабдысаматұлының
қайтыс болуына орай марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



Волейболдан жолдастық кездесу

Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД Ұржар аудандық №1 пробация қызметі және аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен волейболдан жарыс ұйымдастырылды.

Эльмира МУКИТАНОВА,
ШҚО

Еріктілер жылы мен қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай өткізілген жолдастық кездесуге есепте тұрған азаматтар мен ерікті белсенді жастар, пробация қызметінің қызметкерлері және аудандық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері арасынан бірнеше команда қатысты.

Бұл достық кездесуде еріктілерден құралған «Жас сұңқар» коман-

дасы бірінші орынды еншілесе, пробация қызметкерлерінен құралған «Пробация» командасы және Ұржар аудандық жастар ресурстық орталығы қызметкерлерінен тұратын «Жастар» командасы екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті.

Сонымен қатар пробация қызметінің есебіндегі азаматтарға «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы», «Үздік үйлестіруші», «Үздік жанкүйер» номинациялары бойынша диплом табыс етілді. Осындай іс-шаралар сотты болған азаматтардың саламатты өмір салтын ұстануына

және олардың өздерін қоғамның бір мүшесі ретінде сезініп, әлі де болса қоғамнан шеттетілмегенін ұғынуына әсері мол. Спорттық шаралар пробация қызметінің тарапынан жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың бір бөлігі болып табылады. Алдағы уақытта да мұндай тәрбиелік іс-шаралар пробация қызметі есебіндегі азаматтар арасында үнемі жалғасын тауып, олардың қоғамға, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізе бермек.

Сотталғандар арасындағы ТИМБИЛДИНГ

Жазасын өтеушілер арасында өзара тиімді қарым-қатынасты нығайту мақсатында Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД-ге қарасты РҮ-170/3 түзеу мекемесінде тимбилдинг өткізілді.

Миржан МЕНДІҒАЛИЕВ,
БҚО

«Тимбилдинг» – бұл әлеуметтік-психологиялық тренинг, оның негізгі мақсаты – сотталғандар арасында берік достық қарым-қатынасты және өзара көмек көрсету принциптерін құру болып табылады. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл айналадағы адамдармен қарым-қатынастарын жақсартуға және нәтижесінде ұжым жұмысының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Тимбилдинг, әсіресе жазасын өтеушілер үшін өте өзекті, өйткені бұл олардың әлеуметтік-психологиялық қалыптасуына оң нәтижесін береді. Тимбилдинг шарасындағы тренингтік жұмыстарды РҮ-170/1 және РҮ-170/2 мекемесінің психолог мамандары жүргізді. Оған 20-дан аса сотталған атсалысты. Олар шар үрлеп, қапшықпен секіріп жарысып, командамен бірігіп түрлі кедергілерден өтті. Мұнан кейін интеллектуалдық сұрақтарға жауап беріп, аталмыш шарадан алған әсерлерімен бөлісті.



КҮРЕСТІҢ ЖАУҒАРЫ – БЕЛДЕСУ

Таяуда Қ.Оспанов атындағы Балалар- жасөспірімдер спорт мектебінің спорт кешенінде ерлер мен әйелдер арасында белбеу күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталмыш жарыс академик Шайсұлтан Шаяхметовті еске алуға арналды.

Руслан Құтымбаев,
Қостанай

Жарыстың мақсаты - еліміздің әр өңірінен таңдаулы палуандарды іріктеп, алдағы уақытта болатын Азия және әлем чемпионаттарында ел намысын қорғайтын шын мықтыны анықтау. Үш күнге созылған дүбірлі додаға 13 командадан 250-ден аса спортшы қатысып, жарыс жүлделерін сарапқа салған болатын. Палуандарымыз белбеу күресінің классикалық және еркін түрінен белдесіп, өзара күш сынасты.

Жарыстың өту барысында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы өз палуандарын қатыстырып қана қоймай, ұйымдастырушылық жағымен де ерекшеленіп, жарысты өз дәрежесінде өткізді. Атап айтқанда, денешынықтыру даярлығы кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры Е.Кабидуллинның ұйымдастыруымен және спортшыларымыздың ерекше талпынысының нәтижесінде жарыс көрермен көңілінен шықты.

Осыған орай жарыстың ашылу салтанатында Қазақстан Республикасы Мәдениет

және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитетінің арнайы алғыс хатымен және де жергілікті белбеу күресі федерациясы президентінің арнайы тапсырысымен жасалған қышқұмырамен елімізде белбеу күресін дамытуға және қалыптастыруға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция полковнигі Н.Биекенов марапатталды.

Аламан додамыз қызыққа толы, тартысты сайысқа айналды. Қанға сіңген қасиет, жауынгерлік өнер мен жеңіске деген жігердің әсері спортшылардың оза шапқан хас тұлпардай екенін көрсетті. Алайда «Жүйрік-тен жүйрік озар жарысқанда» демекші, әдісін

ақылына серік ете біліп, дараланған арландай алыптарымыз жеңіс тұғырынан көріне білді. Бұл жарысқа тиянақты дайындалған Қостанай облысының белбеу күресінің палуандары да аймақ абыройын асқақтатып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрінді. Олардың ішінде 76 келден жоғары салмақ дәрежесінде академия тыңдаушысы Самал Құсабаева қола жүлдеге қол жеткізді.



Жарыс қорытындысы бойынша Қостанай облысының құрамасы жалпы командалық есепте төртінші орынға табан тіреді. Жарыстағы жарқын жетістіктер мен алға жылжулардың барлығы федерацияның үш жылдық жұмыс нәтижесінен көрініс тапты. Чемпионат соңында жарысқа төрелік еткен төрешілер мен команда өкілдері, сонымен қатар құрметті қонақтар боз кілем бәсекесі жоғары деңгейде өткенін айтып, жарыс ұйымдастырушыларына ризашылығын білдірді.

Ептілер іріктелді

АК-159/18 мекемесіндегі жазасын өтеушілер арасында арқан тартысудан жарыс ұйымдастырылды.

Қайрат НӘБИЕВ,
Қарағанды облысы

Жылдағы дәстүр бойынша түзеу мекемесінде өткізілетін Наурыз мерекесі биыл әлемді дүрліктірген қауіпті дертке байланысты өз деңгейінде тойланбады. Десе де, ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеуді ұмыт қалдырған емеспіз. Спорт қазіргі жағдайда өте пайдалы.

Осыған орай, сотталғандар арасында арқан тартудан, кір тасын көтеруден шағын жарыс өтті. Мұнда жазасын өтеушілердің аз ғана тобы қатысты. Өйткені елімізде жүргізіліп жатқан қауіпсіздік шараларын сақтау керек болды. Таза ауада ұйымдастырылған шара сотталғандар денсаулығына оң әсерін тигізеді сөзсіз.

Ойын өте тартысты өтті. Арқан тартысудың соңғы минуттарында жазасын өтеушілер арасынан құралған «Сұңқар» командасы ұпай санымен алға шығып, жеңіске жетті.

Шара соңында қатысушы командалар дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

СУДЫҢ СҰРАУЫ ҒАНА ЕМЕС, СЫРЫ ДА БАР

Жайшылықта «Су – тіршілік көзі» дегенді жиі айтамыз. Расында да, сіз бір күнді өміріңізді сусыз елестетіп көрдіңіз бе? Сусыз өмір жоқ екен. Ал, судың адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуіне де пайдасы шаш-етектен.

Адам денесінің айтарлықтай бөлігі судан тұрады. Мысалы, ересек адамның денесінде 40-50 литр су болса, қанның 83 пайызы, бұлшық еттердің 75 пайызы, мидың 74 пайызы, сүйектердің 22 пайызы судан тұрады. Егер адамның денесінде су жетіспесе, онда ағзаның қалыпты жұмыс істеуі бұзылады, мысалы бауырға, бүйрекке, буындарға тұз жиналады, ас қорыту жүйесі бұзылады, мидың жұмыс істеуі баяулады, қан қоюланады және іш қатады т.б. Жоғарыда аталған су мөлшерінің денеде 20 пайызы

жетіспесе, адамның өліп кетуі де мүмкін екен.

Су – дене температурасын тұрақтандырады, бүйрек пен бауырдағы қалдықтарды тазалайды, теріні ылғалдандырады. Мысалы, адам ағзасы несеп арқылы, тер арқылы тәулігіне төрт литр су бөліп шығарады. Енді осы судың мөлшерін күнделікті толтырып отыру керек. Ол күнделікті ішетін сумен қатар, тағамдардың құрамындағы су арқылы да толықтырылады.

Енді осы су ішудің тәртібі қандай? Негізінде, суды тамақпен бірге ішудің қажеті жоқ. Тек та-

мақтың алдында ішкен дұрыс. Өйткені бос асқазанда су денеге тез тарайды да, тамақ қорыту процесін бұзбайды. Ал тамаққа тойып алып, артынан су ішсе, ол ас қорытуды баяулатады.

Сонымен қатар суды мөлшерден тыс көп ішу де зиянды. Ондай жағдайда адам көп терлейді. Бұл адамның көңіл-күйін бұзады. Суды аз ішу арқылы семіздіктен құтылуға болады екен. Суды аз ішу – денегежі майларды ыдыратуды күшейтіп, адам салмақ жоғалта бастайды. Өзіңіз күнделікті өмірде байқасаңыз, толық адамдар тез шөлдегіш болады. Ал ондай кезде суды іше бермей, ауызды және тамақты сумен жиі-жиі шайқап отырса, шөл басылады. Сондай-ақ араға 10-12 минут салып, бір-екі жұтым ғана су ішіп те шөлді басуға

болады. Бірте-бірте адам көп шөлдемейтін болады.

Судың тағы бір қасиеті – жақсы сөзді де, жаман сөзді де бойына сіңіріп алады. Айтуды ғалымдардың зерттеуінше, егер кешкісін екі ыдысқа бірдей етіп су құйып, оның біріншісіне шын көңілізден жақсы-жақсы сөздер айттып мәпелесеңіз, оның құрамындағы кристалдар мөп-мөлдір болып тұрады, әрі баии түседі екен. Ондай судың денсаулыққа пайдасы зор. Ал екінші ыдыстағы суға ренжіп, адамның еңесін түсіретін есерсоқ сөздер айттып, жамандап тастасаңыз, оның құрамындағы кристалдар керісінше мүжіліп, түсі бұзылады екен. Әрине, қандай да болсын, бұзылған нәрсенің денсаулыққа кері әсер ететіні сөзсіз.

Қазаққа суға байланысты «Судың да сұрауы бар», «Сулы жер - нулы»

деген сияқты мақалдар мен мәтелдер жетерлік. Тіпті, ескікөз қариялар «Түнде суға түсуге болмайды, судың киесі ұрады» деп отыратын. Ал түн ішінде өзен-көлге немесе құдыққа мәжбүрліктен су алуға барған адам «Су атасы Сүлейменнен рұқсат сұрап барып алу керек» дейді. Яғни судың қандай қасиетке ие екенін бабамыз қазақ атам заманнан-ақ білген. Сондай-ақ судың бетін түнде ашық тастауға болмайды. Қазір қалалық жерде су құбырдан ағады, ал суды тасымалдап ішетін ауылдық жерлерде сұңғыла қариялар қыздары мен келіндерін судың қасиетін ерте кезден түсінуге баулып отыратынын тегін емес болып шықты. Сондықтан судың сұрауы ғана емес, сыры да барын біле жүрейік.

islam.kz

ШЫҒАРУШЫ
және МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор
Махаббат СӘДУАҚАСОВА

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор Тоқияз КУЧУКОВ
Бас редактор орынбасарының м.а.: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ
Аға тілші: Гүлсім БЕГІМОВА

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді.
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Коллажға рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды.
Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индекс: 65395
Таралымы: 9 321
Тапсырыс: № 390

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
Тел: 8 777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KСJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14,
ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz